

Бекітемін:
«Бақ-Ислам» балабақшасының
директорв Смагулова А.С



«29» тамыз 2023 жыл
№1 Педагогикалық кеңесте бекітілді

«Бақ-Ислам» 2023-2024 оқу жылына жылдық жұмыс жоспары

**Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы
«Бақ-Ислам» балабақшасы ЖШС туралы мәліметтер**

**Мектепке дейінгі ұйымның жалпы сипаттамасы
Ұйымның атауы: «Бақ-Ислам» балабақшасы ЖШС**

Мекенжай: (заңды мекенжай және нақты орналасқан мекенжай): Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, Жүнісіова 134/80

Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87776608471

Телефон / факс: 8-7776608471

Электронды пошта: erkinkyzy_2016@mail.ru

Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Смагулова Айгуль
Сұлтанбековна

Құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары (МДҰ Жарғысы):

Рұқсат беру құжаттары (МДҰ қызметінің басталуы туралы хабарлама):

Ұйым түрі: Мектепке дейінгі ұйым

Меншік нысаны: Жалдамалы

Ғимараттың түрі: Типтік екі қабатты

Пайдалануға берілген жылы: 2021 жыл

Ғимараттың салынған жылы: 2014 жыл

Оқу тілі: Қазақ

Топтар саны: 3

Тәрбиеленушілер саны: 70

Топтар саны және олардың ерекшелігі, тәрбиеленушілердің саны

№ р/с	Топтың атауы	Жас топтары	Бағыттылық	Бала саны	Тәрбиешілер
1	Тамшылар	Кіші тобы	жалпы дамыту	20	Уалиева А
2	Құлыншақ	Орта тобы	жалпы дамыту	25	Сактаганова М
3	Айгөлек	Ересек тобы	жалпы дамыту	25	Аманшалова А

2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық жұмыстың негізгі мақсаттары мен міндеттері.

Мақсаттары:

Физикалық қасиеттерді дамыту: денсаулық сақтауда ұлттық спорттық ойындарды қолданып, балалардың денсаулықтарын нығайту.

Коммуникативтілік дағдыларды дамыту: балалардың қарым-қатынас дағдыларын игеруін қалыптастыру, ана тіліне сүйіспеншілікке тәрбиелеу, әлеуметте еркін сөйлеуін дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту: баланың қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасаудағы қажетті танымдық іс-әрекеттерді, ұлттық зияткерлік ойындар арқылы математикалық және логикалық ойлаудың қарапайым дағдыларын меңгерту.

Шығармашылық, зерттеу дағдыларын дамыту: қоршаған ортаны бейнелі қабылдауда қиялдауды, ойлауды дамыту, шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды ұлттық бағытта қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды дамыту: балаларды мәдени-әлеуметтік нормаларға, отбасы, мен қоғам дәстүрлеріне баулу

Міндеттері:

- ✓ ***Таза ауада қимылды ойындар арқылы балалардың дене қозғалысының белсенділігін арттыру, дене шынықтыру шараларының сапасын көтеруді жалғастыру.***
- ✓ ***Отандық дамытушы құралдарымен ауыз екі және байланыстырып***

сөйлеу дағдыларын дамыту.

- ✓ *Барлық топтарда балаларды табиғи орта негізінде өсімдіктер мен жануарлар әлемімен таныстыру. Санау салыстыра ойлау қабілеттерін Интеллектум және робототехника, бестемше ойындары арқылы дамыту*
- ✓ *балалардың еркін түрде шығармашылық іс-әрекетін дамыту, эстетикалық талғамын шыңдау.*
- ✓ *қоғамда өзін-өзі ұстай білудің адамгершілік және мінез-құлық нормаларын меңгертіп, «Ұлттық мәдениет» жайлы түсініктерін кеңейту*

I. Өткен жылғы жұмысты талдау

Балабақша 2022-2023 оқу жылында төменде көрсетілген тапсырмалар бойынша оқу тәрбие жұмыстарын жүргізді.

Балалардың жеке шығармашылығын дамыту мақсатында коммуникативтік ептілікке тәрбиелеу

Танымдық қабілетін дамыту саласында: қарапайым экономикалық білімді игеріп, тәжірибе жүзінде пайдаланып, қарапайым математикалық түсініктерін, машықтандырып білім алу саласында үйрету.

Оқу жылында сапалы оқу тәрбие процесі төрт педкеңесте қамтылды.

№1 Педкеңесте 2022-2023 оқу жылының жылдық жоспары бекітілді, топтардың оқу жылына дайындығы туралы сарапталды. Осы педкеңесте ҰІӨ кестесі және жылдық жоспар бекітілді.

№2 Педкеңесте өткен педкеңестің қаулысының орындалуы Меңгеруші: Б.Копжасарова

К.Эржанова ашық ұйымдастырылған іс әрекетін оқыды.

№3 Педкеңесте Өткен педкеңестің қаулысының орындалуы Балалардың білім нәтижесін ары қарай көтеру.

№4 Педкеңесте Өткен педкеңестің қаулысының орындалуы. Оқу жылын қорытындылау.

Меңгеруші Аманшалова А.Б күн режиміне байланысты бақылау жұмысының нәтижесіне тоқталып, оң нәтиже бергендігі жөнінде айтты. Әдіскер Еркінқызы Қ балабақша бойынша білім салалары бойынша құзіреттіліктерін қалыптасуының мониторингінің жоғары нәтижеде екенін жеткізді.

Мынандай тақырыпта мерекелік іс-шаралар өткізілді. Топтарда «Алтын күз», «Жасыл шырша жанында», «Аналар асыл жандар», 22-наурыз «Наурызым армысың!» мерекелік іс-шара, «Жомарт күз», «Аналар асыл жандар», «Ертегілер еліне саяхат», «Үйшік» ертегісі, «Наурызым армысың!» ертеңгілік «Білім күні»,

«Тәуелсіздік тұғырым», «Жасыл шырша жанында», «Қош бол сүйікті балабақшам!» ертеңгілік болып өтті.

Жазғы шынықтыру сауықтыру жоспарын бекіту Б.Копжасарова бөбекжай-балабақшаның ауласында әр топтың демалу орындары мен қатар топта ойын және жатын бөлмелері қажетті құрал жабдықтармен, ойыншықтармен жабдықталған. Сонымен қатар балабақшада техникалық қызметкерлер жұмыс атқарады.

Балабақшада оқу тәрбие жұмысын 4 жоғары білімді педагогтар атқарады.

0

Жылдық жоспар бөлімдері:

- 1. Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру**
- 2. Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс**
- 3. Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас.**
- 4. Орта білім беру ұйымдарымен өзара іс-әрекет.**
- 5. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс**
- 6. Бақылау: бақылау түрлері мен мазмұны.**
- 7. Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.**

Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру бөлімі

Біліктілікті арттыру курстарынан өту

№	Курс тақырыбы	Мерзімі	Педагогтер	Өтетін орны
1	«Өрлеу» біліктілікті арттыру курсы	Қыркүйек	Тәрбиешілер	

Балабақша қызметкерлерінің біліктілігін арттыру іс- шаралары

№	Іс-шаралары	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
1	БАҚ өкілдері және әлемдік жаңалықтар мен танысу	Ай сайын	Тәрбиешілер	
2	Тәрбиешілерге арналған стендке, жаңа мектепке дейінгі тәрбие әдістемелерінен материалдар жасақтау	Қыркүйек	Әдіскер	
3	Педагогтардың білім көтеру бойынша атқарылған жұмыстарының шығармашалық есебі	Жыл бойында	Меңгеруші тәрбиешілер	

4	Педагогтардың шығармашылығын жетілдіру үшін портфолиоларын жаңа материалдармен толықтыру.	Жыл бойында	Меңгеруші тәрбиешілер	
---	---	-------------	--------------------------	--

2. Құқықтық біліктілікті арттыру

Мақсаты: Балабақша қызметкерлерінің, педагогтардың өзара қарым-қатынасы барысында құқықтық мәдениетін арттыру.

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Семинар: Қазақстандағы мектепке дейінгі мекемелерді нормативті -құқықтық құжаттарын қолдануды қамтамасыз ету	Тоқсан сайын	Б/б меңгеруші
2	«Педагогтардың тәртіптік жауапкершілігін арттыру» кеңес	Қыркүйек	Б/б меңгеруші
3	«ҚР Еңбек кодексі» кеңес	Қаңтар	Әдіскер

Өз білімін жетілдіру жұмысы

№	Аты – жөні	Қызметі	Тақырыбы	Материалдарды ұсыну түрлері
1	Аманшалова А	Тәрбиеші	Жаңа технологиялардың бала дамуында тиімді пайдалану	Әдістемелік жинақ.
2	Уалиева А	Тәрбиеші	Ұлттық тәрбие – өскелең ұрпақтың дара жолы!	Ұлттық бұрышты жабдықтау
3	Сактаганова М	Тәрбиеші	Сөйлеуді дамыту іс-әрекетінде дидактикалық ойын ұйымдастыру.	Картотекалар
4	Аманшалова А	Тәрбиеші	Балалардың қиялының дамуына ертегілердің әсері.	Әдістемелік жинақ.

Жас мамандар отырысы:

<i>№</i>	<i>Атқаратын жұмыстар</i>	<i>Уақыт</i>	<i>жауапты</i>
1.	<i>№1 отырыс:</i> - Жас мамандарды сабақты жақсы өткізуге мүмкіндік беретін ереже және жекеленген ережелермен таныстыру туралы. - Тәлімгерлер мен жас мұғалімдер арасындағы жұмыс жоспарын бекіту, таныстыру жайында. - Жас мұғалімдердің жұмысын бақылау.	Тамыз 2023 ж	Әдіскер
2.	<i>Жас маман нұсқаулығымен таныстыру</i>		Әдіскер
3.	«Балабақшадағы жас мамандарға көмек» атты кеңес. <i>Тақырыбы:</i> «Балабақша мен ата –аналар арасындағы қарым -қатынас».		Әдіскер тәрбиеші тәлімгер
4.	Жас мамандарға сауалнама жүргізу	Қыркүйек 2023 ж	Тәлімгер
5..	<i>№ 2 отырыс</i> - Әдістемелік көмек. Тақырыбы: «Нормативтік құжаттар» - Дөңгелек стол. Тақырыбы: «Тәрбиешінің жаңашылдық қызметі жайлы түсінік»	Қараша 2023ж	Тәрбиеші тәлімгер
6.	Жас маман сайысы <i>Тақырыбы: «Жаса жас маман»</i>	Қараша 2023ж	Әдіскер
7.	<i>№3 отырыс</i> Күн тәртібінде: I жартыжылыда өтетін ашық оқу қызметіне әдістемелік көмек көрсету. Іскерлік ойын: “Оқу қызметіне өзіндік талдау үлгісі”	Қаңтар 2024ж	Психолог Тәрбиеші тәлімгер
8	Тақырыбы: «Жас келсе, іске» Жас мамандарға арналған тренинг ұйымдастыру	Сәуір 2023	Психолог
9	<i>№4 отырыс</i> Күн тәртібінде: - Оқу жылындағы тәлімгер мен жас маман жұмысының қорытындысын талдау. - Тренинг. Тақырыбы: «Мамандығым-мақтанышым»	Мамыр 2023ж	Психолог Тәрбиеші тәлімгер

Семинарлар, шебер класс, кеңестер

Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Шеберлік сынып: Дәстүрден тыс сурет салу	Қыркүйек	Әдіскер тәрбиешілер
«Ата-аналарды мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту процесіне тартудың пәрменді практикасы»	Желтоқсан Аймақтық семинар	Меңгеруші Әдіскер
Шеберлік сынып «Ұлттық ойындар арқылы балаларды ұлт жандылыққа тәрбиелеу»	Ақпан	Барлық топ тәрбиешілері
Жас мамандардың ұйымдастырылған Іс-шара «Эмоция әлемі»	Сәуір	Әдіскер Жас мамандар

Педагогтарды аттестаттаудан өткізу

№	Жұмыс мазмұны	Күтілетін нәтиже	Мерзімі	Жауаптылар
1	2	3	4	5
Ұйымдастырушылық саты				
1	Өтініштерді қабылдау. Аттестаттау ережелерімен танысу	Журналда тіркеу	Қыркүйек	Әдіскер
2	АК құрамын іріктеу, міндеттерді бөлу.	АК құру туралы бұйрық	Қыркүйек	Балабақша әкімшілігі
3	АК қызметін жоспарлау.	АК жұмыс жоспары, аттестаттаудың жеке графигі	Қыркүйек	Меңгеруші Әдіскер

4	Аттестаттау мәселелері бойынша педагогтарға арналған ақпарат рәсімдеу.	Стенд, жылжымалы папкалар, буклеттер	Қазан	Хатшы
5	Нормативтік құқықтық құжаттарға байланысты кеңес беру-әңгімелесу.	Тестер	Қыркүйек	АК, аттестатталушы педагогтар
6	Аттестатталушы педагогтарға арналған кеңестер, жеке педагогикалық қызметті талдау.	«Педагог портфолиосын» жасау	Қыркүйек-қазан, 1 жыл ішінде	АК, аттестатталушы педагогтар
Аттестаттауды жүргізу және талдау				
1	Сараптамалық топтың жұмысы.	Аттестатталушы педагогтардың практикалық қызметін бағалау	1 жыл ішінде	Сараптамалық топ
2	Аттестатталатын педагогтардың шығармашылық есебі.	Авторлық жұмыс	Наурыз	АК
3	АК отырыстары.	Аттестаттау нәтижелері бойынша қорытында	Наурыз	АК
4	Қалалық АК-ға құжаттар тапсыру.	Өтініш, аттестаттау парағы, хаттаманың үзінді-көшірмесі, қолдаухат (құжаттарды рәсімдеу)	Наурыз	Хатшы, АК

Педагогикалық- ұйымдастырушылық-жұмыс

Білім беру процесінің ашық көрсетілімі Қорытынды енулер

к/с	Педагогтардың аты-жөні	ену түрі	Уақыты	Жауаптылар	Тексеруге Жауаптылар
1	Тақырыбы: «Алтын күз» Мақсаты: Балаларға күз туралы әнді тыңдатқызу, әннің сыр-сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.	Ашық көрсетілімдер Шебер сынып Ересек топ	Қыркүйек	Тәрбиешілер	Әдіскер
2	Көркем әдебиет Тақырыбы: Күлше қызға көмек	Кіріктірілген Ашық көрсетілімдер	Қараша		Әдіскер
3	Кіріктірілген іс-әрекеттер Сөйлемді дамыту, математика Тақырыбы: «Отбасым менің байлығым»	Ашық көрсетілімдер	Қаңтар		Әдіскер
4	«Алақанмен сурет саламыз»	Ашық көрсетілімдер Ортаңғы топ	Наурыз		Әдіскер
5	«Сүйікті ойыным» Мақсаты: Балаларды дене тәрбиесі деңгейін арттыруға тиімді әсер ететін дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға тарту	Ашық көрсетілімдер	Мамыр		Әдіскер

--	--	--	--	--	--

Педагогикалық кеңестер.

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	№1 Пед. кеңес	Тамыз		
1.	Тақырыбы: «Жаңа бағдарламаға сай мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру»		Б/б меңгерушісі	
2.	Мақсаты: Жаңа оқу жылының мазмұнымен таныстыру		Әдіскер	
3	1. 2023-2024 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.		тәрбиешілер	
4	2. Іс-әрекеттердің дағды бойынша кіріктірілуін талдау			
5	3. Кадрларды топтар бойынша бөлу 4.Баяндама «Жаңа бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны » -Тәрбиеші 5. .Түрлі сұрақтар			
	№2 Пед. кеңес	Қазан		
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.		Әдіскер	
2	Тақырыбы: «Ел ертеңі –бүгінгі болашақ ұрпақ».			
	Мақсаты: Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру		Барлық топ тәрбиешілері	
3.	1. Балабақшадағы балалардың өмірлік дағдыларды игеру деңгейін көтеру			
	2. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?»		Барлық топ тәрбиешілері	
4	Медбике –Таубаева С		Медбике	
	3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу іс-әрекеттеріне енгізу.			
5				
	№3 Пед. кеңес	Желтоқсан		

1.	Өткен пед. кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.		Меңгеруші	
2.	Тақырыбы: «Жарты жылдық жұмыстың қорытындысы».		Барлық топ тәрбиешілері	
3	1. Жарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы №2 педагогикалық кеңестің қорытындысы.			
4	2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы» 3. Педагогтармен тәрбиешілердің жарты жылдық есебі. 4. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.			
	№4 Пед. кеңес	Наурыз		
1.	Өткен педкеңес шешімінің орындалуына есеп беру.		топ тәрбиешілері	
2.	Тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологияларын енгізу арқылы балалар мен МДҰ педагогтерінің салауатты өмір салтын қалыптастыру».			
3	Мақсаты: Балабақшадағы сауықтыру-шынықтыру жұмысының деңгейін көтеру			
4	1. Кеңес «Балабақшада баланың дені сау болу үшін не көмектеседі?» 2. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.			
5	3 Денсаулық саласы бойынша ашық оқу қызметтерінің қорытындысы. 4 Психологиялық тренинг «Телефон»			
	№5 Пед. кеңес	Мамыр		

1	Тақырыбы: «2023-2024 оқу жылының қорытындылары». Мақсаты: Балабақшаның оқу тәрбие жұмысының жағдайын анықтау, келесі оқу жылының жұмыс бағытын белгілеу 1. №4 пед кеңестің шешімдерін орындау, талдау жасау 2. Оқу процесінің жылдық қорытындысы 3. Тәрбиешілер мен педагогтардың мейірбилердің жылдық жоспары 4. Жаз мезгілінің жылдық жоспарымен таныстыру		Әдіскер	
2			Тәрбиешілер	
3			Меңгеруші	
4			Мед бике	
5			тәрбиешілер	
6			әдіскер	

Әдістемелік кеңес

№	Іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Ескеру
1	Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары: - перспективалық жоспарын талқылау; МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары Ағымдағы мәселелер.	тамыз 2023ж	Әдіскер	
2	«Мектепке дейінгі ұйымда салауатты өмір салтын қалыптастырудың маңызы» Баяндама Өткізілген ашық көрсетілімдердің қорытындысы Ағымдағы мәселелер.	қазан	Әдіскер	
3	Қоршаған ортамен танысу , экология негіздері арқылы баланың эстетикалық талғамын қалыптастырудың маңызы Балабақшаның Аттестацидан өту құжаттарының тізімін талқылау 4. Ағымдағы мәселелер	қаңтар	Әдіскер	

Мерекелік ертеңгіліктер, көңіл сергітулер, кештер.

№	Тақырыбы	мерзімі	Жауаптылар
1	« Білім күні » білім күніне арналған мерекелік концерт	01.09.2023 ж	Тәрбиешілер
5	«Берекелі -Алтын күз» күз мерекесі	26.10 – 30.10.23 ж	Тәрбиешілер
6	«Бауырсақ» Мақсаты: бұлшықеттердің әр түрлі топтарын созу және нығайту, жаттығуларды орындау кезінде бейнелік ойлауды дамыту, балаларды салауатты өмір салтына баулу. Ойын стретчингіне қызығушылығын тәрбиелеу. Бір-бірімен өзара іс-қимыл жасай білуді дамыту.	17.11.2023 ж	Тәрбиешілер
7	Ертегілер елінде	20.11.2023 ж	Тәрбиешілер
8	«Тәуелсіз елдің ұланымын» мерекелік ертеңгілік	Желтоқсан 2023 ж	Тәрбиешілер
9	«Жасыл шырша жанында» мерекелік ертеңгіліктер	Желтоқсан 2023 ж	Тәрбиешілер
10	«Бұзбасаң ережелер сақтайды» ойын*-сауық	Қаңтар	Тәрбиешілер
11	Ата-анамен біріккен іс-шара «Көңілді көңіл күй!» ата-анамен ашық	22.01.2024 ж	Педагогтар

	бірлескен шара		
12	Денсаулық мерекесі	әр тоқсанда	Тәрбиешілер
13	«Бала шақтан болашаққа ана тілімен» сайысы	Ақпан 2024 ж	Тәрбиешілер
14	«Бөбек аруы» қыздар байқауы	Ақпан 2024 ж	Тәрбиешілер
15	8 наурыз- аналар мерекесі «Анашым – мерекеңмен!»	Наурыз 2024 ж	Тәрбиешілер
16	«22-Наурыз- әз Наурыз құтты болсын!»	Наурыз 2024 ж	Тәрбиешілер
17	«Ертегілер елінде» сахналық қойылымы	Сәуір 2024 ж	Тәрбиешілер
18	«Бөбек сұлтаны» сайысы	Сәуір 2024 ж	Тәрбиешілер
19	«Бірлігіміз жарасқан» мерекелік ертеңгілік	Сәуір 2024 ж	Тәрбиешілер
20	Жеңіс күні	Мамыр 2024 ж	Тәрбиешілер
21	«Қош бол, балабақша!» ертеңгілігі	Мамыр 2024 ж	Тәрбиешілер
22	«Бақытты балалық шақ»- балаларды қорғау күні	Маусым 2024 ж	Тәрбиешілер

Денсаулық күндері

- Денсаулық күндері (ДК)	тоқсан сайын
- Дене шынықтыру сауық-кештері (ДШС)	барлық жас топтарында айына 1 рет
- Дене шынықтыру мерекелері (ДШМ)	ересек және мектепалды топтарында жылына 2 рет

Жыл мезгілі	Айлар	топтар	Денсаулық күндері тоқсан сайын	Дене шынықтыру сауық-кештері барлық жас топтарында айына 1 рет	Дене шынықтыру мерекелері (ересек және мектепалды топтарында)
Күз	Қыркүйек			«Мен спортты сүйемін!» эстафеталық жарыс.	
	Қазан		«Біз болашақ-спортшылар»	«Спорт біздің досымыз» эстафеталық сайыс.	

	Қараша			«Денсаулығы сәбидің - денсаулығы әр үйдің»	«Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз!» музыкалық-спорттық шара.
Қыс	Желтоқсан			«Тәуелсіздік ел тірегі!» ұлттық ойындар. Эстафеталық жарыс.	
	Қаңтар		Шынықсаң шымыр боласын	«Алақай қыс келді!» қысқы ойын түрлерінен эстафеталық жарыс	
	Ақпан			«Көңілді старт» эстафеталық ойын.	
Көктем	Наурыз			«Спортты біз сүйеміз, үлкен болып өсеміз!» аналар мейрамына арналған спорттық шара.	
	Сәуір		Дені саудың тәні сау	«Денсаулық мол байлық!» денсаулық күніне арналған спорттық шаралар.	
	Мамыр			«Толағай»	«Спорт әлемінде» топ аралық спорттық шара.

Басқа мекемелерімен байланыс жұмысы

1.	Педагогикалық үрдістің сапасын камтамасыз ету мақсатында «Педагог» әдістемелік білім беру орталығы мен «Step by step» қоғамдық қордың жаңа циклограмма перспективалық жоспарымен	Жыл барысында	Барлық топ тәрбиешілері	
----	--	---------------	-------------------------	--

2.	әдістемелік нұсқауларын қолдану			
	Егемен Қазақстан Республикалық педагогикалық журналына жазылу, қолдану.	үнемі	Тәрбиешілер	
3.	Балалар емханасымен жұқпалы арулардың алдын алу бағытында жоспарлы жұмыс жасау	үнемі	Тәрбиешілер Медбике	

Басқа әлеуметтік серіктестер

1	Республикалық «Балаларды ерте дамыту институты» орталығы ұйымдастыратын байқауларға қатысу.	Жыл бойында	тәрбиешілер	
---	---	-------------	-------------	--

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен өзара қарым-қатынас

Жалпы ата-аналар жиналыс кестесі мен іс- шаралар жоспары:

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	Тақырыбы : «Бала тәрбиесі-баршамызға ортақ» Мақсаты: 1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру. 2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. 1.Ата –аналарға балабақша ережесін түсіндіру 2. Ата-аналарға кеңес «Бала сұрағына қалай жауап беру керек?» 3.Сауалнама жүргізу.	Қыркүйек	Меңгеруші ата – аналар комитеті Психолог
2	Тақырыбы : «Бала тәрбиесі-баршамызға ортақ» Мақсаты: Ата-аналардың бала тәрбиесіне көзқарасын өзгерту, балабақшамен тығыз байланыста болуын қалыптастыру 1. Балалардың тамақтануы, азық түліктердің дайындау 2. Мәдени –гигиеналық шаралар 3.Мерзімдік Әдіскер Копжасарова Б Адамзат баласының ең негізгі мақсаты-дүниеге	Қаңтар	ата – аналар комитеті Меңгеруші

	келген ұрпағының болашағына жауапкершілікпен қарау. Бала ата-ананың көз қуанышы, болашағы. Бүгінгі біздің пікірталасымыздың тақырыбы: «Бала тәрбиесі баршаға ортақ»-деп аталады		
3	Тақырыбы :«Қиын бала қайдан шығады?» Мақсаты: 1. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру. 2. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту. 1. Балабақша жетістігі туралы 2. Жаз мезгіліндегі балалардың атқарылатын жұмыс барысы 3. Ата-ана комитетінің есебі 4. «Менің балам қандай?» тренинг	Мамыр	Меңгеруші. Медбике әдіскер

Топтардағы ата-аналар жиналысы

1	Тақырыбы: Ересек жастағы балалардың қызығушылықтарын анықтау тәсілдері	Қыркүйек	Ересек
2	Тақырыбы: Ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы рухани адамгершілік құндылықтар негізінде баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру	Мамыр	
1.	Тақырыбы: Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін, ойын арқылы дамыту.	Қыркүйек	Ортаңғы топ тәрбиешілер
2.	Тақырыбы: Балабақшадағы ұлттық ойындардың тәрбиелік мәні	Мамыр	
1	Тақырыбы: Кіші жастағы балалардың ойлау және сөйлеу қабілетін ойын арқылы дамыту.	Қыркүйек	Кіші, ерте жас топтары тәрбиешілер
2	Тақырыбы: Құм және сумен ойын түрлері	Мамыр	

Ата-аналарға арналған пункт жұмысы, кеңестер

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Консультациялық пункт жұмысын ұйымдастыру туралы бұйрығын; Консультативтік пункт жұмыс	Тамыз	Меңгеруші

	жоспарын,мамандардың жұмыс кестесін бекіту		
2	Ата-аналардан өтініштер қабылдау, тіркеу жұмыстарын жүргізу	Қыркүйек	Әдіскер
3	Ата-аналардың сұраныстары мен балалардың даму ерекшеліктеріне сәйкес кеңес беру жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	КП мамандары
4	«Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбында кеңес беру	Қыркүйек	Әдіскер
5	«Отбасындағы бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналармен сұхбат	Қазан	Тәрбиеші
6	Балалардың сөйлеу тілін дамыту жолдары бойынша кеңес	Қазан	Тәрбиеші
7	«Баланың жас ерекшелігіне сай ойын түрлері» тақырыбында практикалық кеңес	Қараша	Тәрбиеші
8	«Баланың психологиялық дамуы» тақырыбында жеке кеңестер	Қараша	Әдіскер
9	Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша түсіндіру жұмыстары	Желтоқсан	Мейірбике
10	«Үй жағдайында шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру» тақырыбында кеңес	Қаңтар	Әдіскер
11	Ата-аналарға мнемотехника элементтерін таныстыру	Қаңтар	Тәрбиеші
12	«Баланың ұсақ қол моторикасын дамыту» тақырыбында шеберлік сағаты	Ақпан	Тәрбиеші
13	Музыкалық ойындардың бала дамуына әсері туралы кеңес	Ақпан	Тәрбиеші
14	«Баламен дұрыс қарым-қатынас жасау» тақырыбында тренинг	Наурыз	Әдіскер
15	Ұлттық ойындар арқылы тәрбие беру бойынша кеңес	Наурыз	Тәрбиеші

16	«Мектепке дайындық» тақырыбында ата-аналарға кеңес	Сәуір	Әдіскер
17	Балалардың денсаулығын нығайту жолдары туралы кеңес	Сәуір	Мейірбике
18	Жылдық жұмыстарға талдау жасау	Мамыр	Меңгеруші
19	Консультативтік пункт жұмысының қорытынды есебін дайындау	Мамыр	Әдіскер

«Айлин 2021 Айлгөлек» бөбекжай балабақшасы ЖШС-нің 2023-2024 оқу жылына арналған ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП КЕҢЕСІНІҢ ЖОСПАРЫ

№	Мазмұны	Мерзімі	Өткізу түрі
1	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 1 отырысы 1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту. 2. Педагогтің өзінің кәсіби міндеттерін орындау кезіндегі сыртқы келбеті 3. Педагогикалық этика нормалары мен ережелерін сақтау міндеті	Қыркүйек	Дөңгелек үстел
2	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 2 отырысы 1. Жеке фотосуреттер мен бейнелерді көпшілік алдында жариялау кезінде этикалық нормаларды сақтау. 2. Педагогикалық әдеп және педагогикалық тактика 3. Педагогикалық әдеп және сөйлеу мәдениеті 4. «Құқықтық сауаттылық – заман талабы»	Қараша	Дөңгелек үстел
3	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 3 отырысы	Қаңтар	Дөңгелек үстел

	1. Педагогтардың құқықтары 2. Педагогтардың көпшілік ортадағы әдеп этикалық нормалары 3. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық әдепті қамтамасыз ету және сақтау		
4	Педагогикалық әдеп кеңесінің № 4 отырысы 1. Педагог бейнесі 2. Өзінді өзін тәрбиелеу жолдары 3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары	Наурыз	Дөңгелек үстел

Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық		
Жазғы сауықтыру кезеңіне жағдай жасау		
Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын қарау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін локальді актілерді шығару (МДҰ бұйрығы): жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

Қызметкерлерге нұсқау өткізу: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; балалар жарақатының алдын алу; ұлы саңырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; күн тию және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және пандемия кезіндегі шектеулерді сақтау туралы; спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр Маусым	Меңгеруші, әдіскер Медицина қызметкері (Келісімдері бойынша жергілікті санитариялық және төтенше жағдайларға қарсы қызмет бөлімдерінің мамандары шақырылады)
Балаларға нұсқау өткізу: - жарақаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру;	Мамыр Маусым	Әдіскер, тәрбиешілер
- табиғатта серуендеу тәртібі туралы; - балабақша аумағында, аулада жүру ережесі.		
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби, публистикалық ресурстар базасын жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында кәрме ұйымдастыру	Мамыр	Әдіскер
II кезең. Әкімшілік – басқару бақылау		
Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жаңарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, денешынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру.	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер, шаруашылық меңгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс-шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жаз бойы	Әдіскер
Күні тәртібінің орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым-Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері

Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау; - тамақтануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.	Маусым - Тамыз	Меңгеруші, әдіскер, медицина қызметкері
3. III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру		
- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - «шынықтыру жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б.); - эргономикалық шешімдер қабылдау; - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру.	Маусым - Шілде	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы, медицина қызметкері
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері». 2. «Бейімделу кезеңін ұйымдастырудың әдістері мен нысандары». Ескерту: тақырыптар мен жұмыс түрі қажеттілігіне қарай өзгертіліп, толықтырылады.	Жаз бойы	Әдіскер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - инфографикалық ақпараттық парақшалар;	Жаз бойы	Әдіскер, медицина қызметкері

- кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер».		
Педагогтердің сұранысы бойынша әдістемелік көмек, кеңес беру	Жаз бойы	Әдіскер
Балалармен жұмыс		
«Алақай, жайдарлы жаз келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде: - психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру; - өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту; - денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру; - бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау (модель 34 т.); - балалардың пікірін, идеяларын ескеру (модель 36 т.); - бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті, ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды меңгертуді ойын нысанында іске асу (модель 26 т.); - педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың қызығушылығына кәңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру (модель 24 т.); - әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту (модель 27 т.).	Жаз бойы	Әдіскер, тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы
Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары		
Балалар денсаулығы мониторингі	Мамыр	Тәрбиешілер
Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Жаттығулар: - таза ауадағы дене шынықтыру; - ертеңгілік жаттығулар; - ұйқыдан ояту жаттығулары; - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер, дене шынықтыру нұсқаушысы
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	жоспар бойынша	Медициналық қызметкер

1. Спорттық ойын, жарыстар: - спорттық ойындар; - спорт жарыстары; - эстафеталар. 2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. 3. Спорт мерекелері. 4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (мүмкіндігінше таза ауада).	Жаз бойы	МДҰ меңгерушісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, тәрбиешілер
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзінемассаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату; - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Жаз бойы	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты».	Жаз бойы	Медициналық қызметкер
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау	Жаз бойы	Дене шынықтыру нұсқаушысы, тәрбиешілер
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Жаз бойы	Медицина қызметкері, бас-аспаз
Ата-аналармен жұмыс		
- ата-аналармен өзара ынтымақтастық орнату мақсатында «жаз мезгіліндегі балаларды сауықтыру» тақырыбында сауалнама жүргізу; - ата-аналармен күнделікті пікірлесіп, ақпарат алмасу; - жазғы кезеңде бала ағзасын сауықтыру туралы ақпаратқа ата-ананың қолжетімділігін қамтамасыз ету (ауызша, сілтеме арқылы электронды нұсқада, ата-аналарға арналған ақпараттық бұрышта); - іс-шараларды өткізуге ата-аналарды тарту (модель 48-51 т.).	мамыр, маусым, шілде	Әдіскер, тәрбиешілер
	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Қорытынды: Жазғы сауықтыру жұмыстарын талдау		
Жазғы сауықтыру шараларының аяғында балалармен кері байланыс өткізу	Тамыз	Тәрбиешілер
Жазғы сауықтыру шараларының аяғында ата-аналармен	Тамыз	Тәрбиешілер

кері байланыс өткізу		
Денсаулық мониторингі	Тамыз	Тәрбиеші, медицина қызметкері
Жазғы сауықтыру кезеңін педагогикалық кеңесте қорытындылау	Тамыз	МДҰ менгерушісі, әдіскер

Бақылау бөлімі

Бақылау мен басшылықтың циклограммасы

Мерзімі	Мазмұны	Мақсаты	Бақылау түрі	Әдістері	Бақылайтын қызметкер	Қайда қаралады	Ескерту

IX	1	1. Барлық жас ерекшелігіндегі топтарды тұрмыстық-шаруашылық еңбекке тәрбиелеудің тиімділігі, және жаңаша ұйымдастырылуы.(Кезекші,тапсырма, ұжымдық еңбек) 2. Кіші жастағы балалардың ұсақ қол моторикасы бойынша жұмысқы бақылау жүргізу.	Жетілдіру	жедел	Құжаттарды талдау	Менгеруші	ПК №1	
X	1	1.Коммуникативтілік дағды көркем әдебиетінің , қазақ жазушыларының ,ақындарының ,қазақ ертегілерімен таныстырылуын бақылау (Ересек топ)	Жұмыс жүйелілігін талдау	Тақырыптық	бақылау	Медбике	ӘЖ№2	
XI	1	Оқу тәрбие үрдісіндегі дидактикалық ойындарды бақылау	Бағдарламаның орындалуы	Тақырыптық	Бақылау	Менгеруші	ӘЖ №3	
XII		«Коммуникативтілік дағдылар» көркем әдебиет оқу іс-әрекет деңгейі.	Білім дағдылардың деңгейі	Тақырыпты	Бақылау	Әдіскер	ПК№4	
I	1	Шығармашылық дағдылары , зерттеу іс әрекетінің Бейнелеу өнерінің (Мүсіндеу, жапсыру, сурет салу) ұйымдастырылуының әдіс –тәсілдерін бақылау	Жұмыс жүйелілігін талдау	тақырыптық	Бақылау	Медбике	ПК№4	

II		«Бестемше» ұлттық ойын құралы арқылы балалардың логикалық ойлау қабілетін арттыру деңгейі. Ересек, мектепалды тобы	Білім дағдылардың деңгейі	тақырыптық	Бақылау	Әдіскер	ӘЖ №5	
III	1	Қоршаған ортамен танысу үйе сапасы ортаңғы, ересек	Білім мен тәрбие сапасы	Салыстырмалы	Бақылау	Менгеруші	ӘЖ№5	
	2	.Коммуникативтілік дағды бойынша ересек тобының дайындық деңгейін бақылау(бағдарлама талабына сай)	Білім дағдылардың деңгейі	Тақырыпты	Талдау			
IV	1	1. Тәрбиешілердің жаңа оқу жылына дайындығын бақылау 2. Күн тәртібінің орындалуы. Денешынықтыру және сауықтыру шараларын бақылау. 3. Ата –аналардың қосымша білім беруге сұраныстарын жинақтау сауалнама	Жұмыс жағдайын бағалау	Жедел	Талдау	Менгеруші Медбике	ӘЖ №5	
V		II жарты жылдықтағы балалардың тәрбие мен білім алу дағдыларының қалыптасуының мониторингісі барлық топта	Бағдарламаның орындалуы	Салыстырмалы	Талдау	Менгеруші Әдіскер	ПК№5	

Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

Өндірістік жиналыстар

№	Жұмыс мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
---	---------------	---------	------------	---------

1	Күн тәртібі: 1. Жаңа оқу жылының міндеттемесімен таныстыру, бекіту. 2. Жазғы сауықтыру шараларының қорытындысы 3. Қызметкерлердің ішкі тәртібі 4. Өз білімін көтеру бойынша ұсыныстар	қыркүйек	Меңгеруші Медбике Шаруашылық меңгерушісі	
2	Мәлімдеме Балабақшаның санитарлық жағдайы	желтоқсан	Меңгеруші әдіскер шаруашылық меңгерушісі мед бике	
3	1. Балабақша қызметкерлерінің ішкі еңбек тәртібі мен қауіпсіздік ережелерінің орындалуы жайлы есебі. 3. Жазғы кезеңде санэпидемия режимін сақтау. 4. Жазғы демалыс кезеңіне көгалдандыру, абаттандыру жұмыстарын ұйымдастыру жоспарын жасап бекіту	сәуір	Меңгеруші әдіскер медбике шар.меңгерушісі	

Әкімшілік жиналыстар
Меңгеруші жанындағы жиналыс

№	Жұмыстың мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Ескерту
	1-кеңес			
1	Жиналыс №1 1 Балалардың өткен оқу жылындағы бейімделуінің нәтижесі	Қыркүйек	Меңгеруші Тәрбиешілер, Меңгеруші	
2	2 МДҰ-да балаларды бейімдеу. Баяндама 3. Балабақшаға балалардың бейімделу жоспарын құру		Әдіскер Медбике	
	2-кеңес			

1	Жиналыс №2 1 Психолог маманының жыл бойы жүргізілген жұмыстарының талдауы 2. Балабақшада вариативтік компоненттердің өту барысы	Қазан	Пед кадрлар. әдіскер Меңгеруші Пед кадрлар. Медбике Әдіскер	
2				
	3-кеңес			
1	Жиналыс №3 Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау ережелерінің талаптарының орындалуы.	Қараша	Меңгеруші Медбике Тәрбиешілер	
	4-кеңес	Қаңтар		
1	Жиналыс №4 Музыкалық және дене шынықтыру іс-шаралары туралы есеп		Меңгеруші Әдіскер Тәрбиешілер	